

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.1 13 беттен
---	---	---------------

БЕКІТІЛДІ

**«М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінін
№ 1 шешімі, «17» шілде 2023 ж.**



**«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы)
филиалы туралы
ЕРЕЖЕСІ**

Шымкент қ., 2023ж.

Корпоративтік хатшының қолы

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.2 14 беттен
---	---	---------------

1 Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, "Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына және «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалының (бұдан әрі - Филиал) қызметін рәсімдейді және реттейді.

3. Филиал «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «М.Әуезов атындағы ОҚУ" КЕАҚ) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тіркелген және әрекет ететін оқшауланған күрылымы болып табылады.

4. «М.Әуезов атындағы ОҚУ" КЕАҚ Шымкент қаласының Әділет департаментінде тіркелген БИН 990240005557, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5.

5. Филиал Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2022 жылғы 22 желтоқсандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімі, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М.Мерзиеев арасындағы 2022 жылғы 22 желтоқсандағы «Екі елдің жетекші жоғары оқу орындары Филиалдарын паритеттік негізде ашу туралы» келіссөздердің қорытындылары бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі Жол картасы, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы 2023 жылғы 5 мамырдағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі 20-шы бірлескен үкіметаралық комиссияның «Өзбекстан Республикасы, Шыршық қаласында «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалын құру туралы» шешімі (10-бөлім, 10.1-т.), сондай-ақ «М.Әуезов атындағы ОҚУ" КЕАҚ Директорлар кенесінің шешімі негізінде құрылды және Қазақстан Республикасының заңнамасына, «М.Әуезов атындағы ОҚУ" КЕАҚ Жарғысына және осы Ережеге сәйкес әрекет етеді.

6. Филиалдың заңды мекенжайы: Өзбекстан Республикасы, Шыршық к., Химия-индустриалдық технопарк, Х.Максудов МФЙ, В.Хайдаров к-сі, 1.

7. Филиалдың атауы:



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.3 14 беттен
---	---	---------------

ТОЛЫҚ:

- 1) қазақ тілінде: «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы;
- 2) орыс тілінде: Филиал некоммерческого акционерного общества «Южно-Казахстанский университет им.М.Ауэзова» в городе Чирчик (Республика Узбекистан);
- 3) ағылшын тілінде: Branch of non-profit Joint-stock company «M Auezov South Kazakhstan university» in Chirchik (Republic of Uzbekistan).

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН:

- 1) қазақ тілінде: «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Шыршық қаласындағы филиалы;
 - 2) орыс тілінде: Филиал НАО «ЮКУ им.М.Ауэзова» в городе Чирчик;
 - 3) ағылшын тілінде: Branch of NPJSC «M.Auezov SKU» in Chirchik.
8. Филиал құжаттаманы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде жүргізеді.

2 Филиалдың заңды мәртебесі

9. Филиал «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Өзбекстан Республикасының аумағында заңды тұлға болып танылады.

10. Филиалдың дербес балансы және банктік шоттары бар, оларды салық органдарына ұсына алады, Өзбекстан Республикасының заңнамасына сәйкес Филиал қызметі белгілінген тәртіппен орындалады.

11. Филиалдың өзбек, орыс және ағылшын тілдерінде өз атауы көрсетілген мөрі, мөртабандары, өз атауы бар бланкілері және қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де реквизиттері бар.

12. Филиалдың өз тауар белгісі немесе өзге де айырым белгілері болуы мүмкін, олардың үлгілерін Филиалдың Қамқоршылық кеңесі бекітеді және белгіленген тәртіппен тіркеледі.

13. Филиалда қызметкерлер мен білім алушылардың жұмысын, оқуын, бос уақытын және қызметінің басқа да бағыттарын реттеу мақсатында локалды актілер: бұйрықтар, өкімдер, ережелер, қагидалар, нұсқаулықтар және белгіленген тәртіппен бекітілетін басқа да құжаттар әзірленеді.

14. Филиалдың локалды актілері Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының заңнамаларына, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Жарғысына, осы Ережеге қайшы келмеуі тиіс.

3 Филиалдың құрылтай құжаттары

15. Филиалдың құрылтай құжаты болып осы Ереже табылады.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық каласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.4 14 беттен
---	---	---------------

16. Барлық мұдделі тұлғалар филиал туралы Ережемен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танысуға құқылы.

4 Филиалдың мақсаты, мәні және қызмет түрлері

17. Филиал қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының үәкілетті органы берген білім беру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиялар негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметтерін көрсету, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық іс-әрекет, сондай-ақ негізгі қызметке байланысты өзге де қызметпен айналысу болып табылады.

18. Филиал білім беру қызметін «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің аккредиттеген білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырады.

19. Білім беру қызметін ұйымдастыру, оқуға қабылдау және білім беру сапасын басқару тәртібі Филиалдың ішкі құжаттарымен реттеледі.

20. Филиалдың білім беру қызметі Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес аралық мемлекеттік бақылау рәсіміне жатады.

21. Филиал қызметінің негізгі түрлері:

1) адамгершілік, зияткерлік, мәдени, физикалық дамыту және кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында оқу процесінің және ғылыми зерттеулердің ажырамас бірлігі негізінде жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білімнің білім беру қызметтерін ұсыну;

2) жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы терең кәсіптік білімді жоғары мәдениетпен және азаматтық белсенділікпен ұштастыра отырып, жоғары кәсіптік білімі бар білікті мамандарды даярлау үшін білім беру қызметтерін ұсыну;

3) білім беру үдерісімен тығыз байланыста іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, инновациялық қызметке қатысу, ғылыми білімді тарату және насихаттау;

4) өнір үшін маңызды іс-шаралар мен жобаларға қатысу үшін жергілікті атқарушы органдармен әріптестік орнату және өзара іс-қимыл жасау, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау, өнірдің өнеркәсіптік кәсіпорындары базасында қафедраларды ашу;

5) озық білім беру және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, инновациялық және пәнаралық білім беру бағдарламаларын (оның ішінде дуальды оқыту нысанымен) әзірлеу және енгізу;

6) Филиал қызметін жүзеге асыру үшін қосымша қаражат алуға бағытталған білім беру, ғылыми, оқу-әдістемелік, шаруашылық, өндірістік, спорттық-сауықтыру және басқа да қызмет түрлері.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық каласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.5 14 беттен
---	---	---------------

22. Филиал жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мынадай білім беру бағдарламаларын іске асырады:

- 1) 6B07160 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы;
- 2) 6B07170 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы;
- 3) 6B07220 - Металлургия;
- 4) 6B07112 - Механика және металл өндегінендеу;
- 5) 6B07120 - Машина жасау;
- 6) 6B06120 - Ақпараттық жүйелер;
- 7) 6B07110 - Автоматтандыру және басқару;
- 8) 6B07150-Электр энергетикасы;
- 9) 6B07130 - Көлік, көлік техникасы және технологиясы;
- 10) 6B11210 - Тіршілік қауіпсіздігі және коршаған ортаны қорғау;
- 11) 6B05210 - Экология;
- 12) 6B05120 - Биотехнология;
- 13) 6B07210 - Мұнайгаз ісі;
- 14) 6B04210 - Құқықтану;
- 15) 6B04220 - Халықаралық құқық;
- 16) 6B04110 - Экономика;
- 17) 6B07253 - Тамақ қауіпсіздігі және инженерия;
- 18) 6B07260 - Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы.

23. Филиал сонымен катар:

- 1) қосымша жалпы білім беру бағдарламалары, қосымша жалпы дамыту бағдарламалары;
- 2) қосымша кәсіби бағдарламалар;
- 3) біліктілікті жоғарылату бағдарламалары;
- 4) кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларын іске асырады.

24. Филиалдың ғылыми қызмет саласындағы маңызды міндеттері:

- 1) өнірлік кластерді дамытуға бағытталған іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді, инновациялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- 2) өнеркәсіптің өзекті мәселелерін шешу үшін қолданбалы зерттеулер жүргізу;
- 3) ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін өнеркәсіппен оқу процесіне беру;

- 4) жоғары білімнің ғылыми-әдістемелік мәселелерін шешу;
- 5) Филиалдың инновациялық қызметіне байланысты ғылыми-техникалық қызметтер көрсету.

25. Филиалда «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми бағыттар бойынша зерттеулер жүргізіледі.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық каласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.6 14 беттен
---	---	---------------

26. Мамандарды даярлау бейініне сәйкес ғылыми қызметті дамытудың басым бағыттарының тақырыптық жоспарын Филиалдың Қамқоршылық кеңесі бекітеді.

27. Филиалда оқу үшін «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ білім алушылар контингентінің құрамына үміткерлерді қабылдауды жүзеге асырады.

28. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ студенттерінің құрамына қабылдау, ауыстыру, оқудан шығару және қайта қабылдау Филиал директорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

29. Филиалда оқыту «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің білім беру бағдарламалары бойынша, пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, силлабустар және т.б. қосқанда жүзеге асырылады.

30. Қорытынды аттестаттауды сәтті аяқтаған Филиал тұлектеріне «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ (Қазақстан Республикасы) белгіленген үлгідегі диплом берілетін болады, ол Өзбекстан Республикасы және Қазақстан Республикасында жоғары білім туралы құжат болып танылады.

31. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Филиалда білім алушылардың оқу үдерісін техникалық, ақпараттық және оқу-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, оқыту үдерісін жүргізу үшін Филиал оқытушыларын «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің профессор-оқытушылар құрамынан кемінде 40 пайзызын, екі елдің басқа жоғары оқу орындарынан 60 пайзызын үйимдастырады.

32. Филиалға қабылданған білім алушылардың барлығы «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ жұмыс жасайтын корпоративтік ақпараттық-коммуникациялық жүйеге интеграциялануы тиіс.

33. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ қолданыстағы нормативтерге сәйкес Филиалда білім алғышындардың оқу жүктемесінің көлемін және сабак режимін анықтауға көмек көрсетеді.

5 Филиалдың құқықтары мен міндеттері

34. Филиал өз құзыреті шегінде құқылы:

1) «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Жарғысына сәйкес кадрларды, оның ішінде профессорлық - оқытушылық және ғылыми құрамды, оқу және ғылыми-зерттеу құрылымдарының басшыларын іріктеуді және орналастыруды жүзеге асыру;

2) Филиалда «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламалары бойынша оқытууды жүзеге асыру;



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық каласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.7 14 беттен
---	---	---------------

3) «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ оку жоспарларына сәйкес Филиалдың білім алушылары үшін сабак режимін жасалған сабак кестесі бойынша айқындау.

35. Филиал міндетті:

1) білім беру, ғылыми және өзге де қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасының заңнамалық актілерін сақтау;

2) «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Жарғысын сақтауға, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ шешімдерін орындауға, сондай-ақ Филиал қызметтінің барлық мәселелері бойынша «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің өкімдік күжаттармен басқа да локалды актілерді басшылыққа алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіптік қызметті одан әрі жүзеге асыру мақсатында студенттердің қажетті білім алуы үшін жағдайлар жасау;

4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ бағдарламаларын ескере отырып, білім беру мазмұнын айқындау;

5) студенттердің табиғат, адам және қоғам туралы білім жүйесін игеруіне жағдай жасау, әлеуметтік жетілген шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету;

6) білім беру, өндірістік және ғылыми қызметтің басқа субъектілері мен екі елдің азаматтары алдындағы шарттық міндеттемелерді орындау;

7) білім беру және басқа да қызмет түрлерін жүргізуінде қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету;


8) Филиал қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету.

6 Филиалдың мүлкі

36. Филиалдың мүлкі оның қызметтің қамтамасыз етуге арналған және мыналардың есебінен қалыптастырылады:

- 1) «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нан берілген мүлік;
- 2) ақшалай қаражат;
- 3) материалдық құндылықтар;
- 4) ұзақ мерзімді активтер;
- 5) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;
- 6) жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде эндаумент қордың қайырымдылық жарналары.

37. Филиалдың балансында көрсетілген мүлік «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің меншігі болып табылады.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық каласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.8 14 беттен
---	---	---------------

7 Филиалды басқару

38. Филиалға басшылықты Өзбекстан Республикасы Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігінің (өзбекстандық тараптан) ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің келісімі бойынша атқарушы директор және «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректор тағайындастын (қазақстандық тараптан) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің келісімі бойынша директор жүзеге асырады.

39. Филиал директоры лауазымына жоғары кәсіптік білімі, ғылыми дәрежесі, білім беру мекемесінің тиісті қызметіне сәйкес кәсіптік қызметінің бағыты бойынша ұйымдарда педагогикалық немесе басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі бар түлға тағайындалады.

40. Филиал директоры өз функцияларын жүзеге асыру кезінде «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ оның атына берілген сенімхат негізінде және оның шегінде әрекет етеді.

41. Филиал Директоры:

1) өзі басқаратын Филиал жұмысының нәтижелері үшін жеке жауапты болады;

2) Филиалды барлық басқару органдарында, мекемелерде, кәсіпорындарда ұсынады, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Филиалға берген мүлікке басшылық етеді, келісім-шарттар жасасады;

3) өз өкілеттігі шегінде Филиалдың барлық қызметкерлері мен білім алушылары үшін орындауға міндетті бүйрықтар мен өкімдер шығарады;

4) белгіленген тәртіппен, оның ішінде профессор-оқытушылар кұрамымен шарттар жасасады және бұзады;


5) «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының келісімі бойынша қызметкерлерді материалдық ынталандыру мәселелерін шешеді.

8 Филиалдың Қамқоршылық кеңесі

42. Филиалдың жарғылық қызметін жүзеге асыруға жәрдемдесу, оны дамытудың өзекті міндеттерін шешуге көмек көрсету, білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге ықпал ету мақсатында еріктілік, теңдік, жариялыштық және алқалылық қағидаттарында әрекет ететін Филиалдың стратегиялық басқару органы ретінде Қамқоршылық кеңес құрылады.

43. Қамқоршылық кеңесті тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құрайтын комиссия сайлайды.

44. Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.9 14 беттен
---	---	---------------

45. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісінен) аспайды.

9 Филиалдың Ғылыми кеңесі

46. Филиалдың Ғылыми кеңесіне жалпы басшылықты Филиалдың директоры жүзеге асырады.

47. Филиалдың Ғылыми кеңесі сайланбалы өкілді орган болып табылады және 3 жыл мерзімге сайланады.

48. Филиалдың Ғылыми Кеңесінің құрылу және қызмет ету тәртібін, мүшелерінің құрамы мен өкілеттігін «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Ғылыми кеңесі айқындайды.

49. Филиалдың Ғылыми кеңесі:

1) Филиалды дамытудың негізгі мәселелерін қарайды;
2) Филиалдың оқу-тәрбие процесін және ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

3) «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Ғылыми кеңесіне декандар, кафедра менгерушілерін сайлау бойынша кандидатураларды қарайды және ұсынымдар береді;

4) Филиалдың профессорлары, доценттері, аға оқытушылары, оқытушылары мен ассистенттері лауазымдарына белгіленген тәртіппен конкурстық іріктеу жүргізеді;

5) Филиалдың оқу жоспарларының жобаларын қарайды;
6) профессор-оқытушылар құрамының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмысы турагында есептерін қарайды;

7) Филиал қызметіне байланысты басқа да мәселелерді қарайды.

50. Филиалдың Ғылыми кеңесінің шешімдері Филиал директоры-Филиалдың Ғылыми кеңесінің төрағасы қол қойған сэттен бастап күшіне енеді.

51. Ғылыми кеңесте талқыланатын мәселелерді дайындауды ұйымдастыру, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау, тәжірибелі жинактау және кеңес жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін оның мүшелері қатарынан Филиалдың Ғылыми кеңесі төрағасының бүйрүғымен 3 жыл мерзімге ғылыми хатшы тағайыналады.

52. Ғылыми кеңестің отырысына материалдарды уақтылы және сапалы дайындау және Ғылыми кеңесінің іс қағаздарын жүргізуге жауапкершілік ғылыми хатшыға жүктеледі.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.10 14 беттен
---	---	----------------

10 Филиал қызметкерлері, құқықтары мен міндеттері

53. Филиалда мынадай лауазымдар көзделеді:

1) ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге жататын педагогикалық және ғылыми қызметкерлер (педагог қызметкерлер профессорлық-оқытушылық құрамға жатады);

2) инженерлік-техникалық, әкімшілік-шаруашылық, өндірістік, оқу-көмекші, медициналық және өзге де қызметкерлер.

54. Филиал қызметкерлері мыналарға құқылы:

1) еңбек шартында келісілген жұмысты орындау;

2) өз біліктілігіне, еңбектің күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен санына сәйкес жалақыны уақтылы және толық көлемде төленуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған барлық тәсілдермен өзінің еңбек құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Өзбекстан Республикасының заңнамасына, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Жарғысына, ішкі еңбек тәртібі Ережелеріне, лауазымдық нұсқаулықтарына, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-ның, Филиалдың локалды нормативтік актілеріне, сондай-ақ еңбек шарттарына сәйкес басқа да құқықтарға ие.

55. Филиал қызметкерлері міндетті:

1) еңбек шарттарымен оларға жүктелген өз міндеттерін адаптациялауда атқаруға;

2) «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің, Филиалдың ішкі еңбек тәртібі Ережелерін сақтауға;

3) еңбек тәртібін сақтауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Өзбекстан Республикасының заңнамасына, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Жарғысына, ішкі еңбек тәртібі Ережелеріне, лауазымдық нұсқаулықтарына, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-ның, Филиалдың локалды нормативтік актілеріне, сондай-ақ еңбек шарттарына сәйкес басқа да міндеттерді орындауды.

56. Филиал қызметкерлеріне білім беру, әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмысындағы, сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа да қызметтегі жетістіктері үшін ынталандыру төлемдері белгіленуі мүмкін.

11 Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметі

57. Филиал өз міндеттерін орындау үшін «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ белгілеген шектерде және шарттарда қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырады.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршиқ қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.11 14 беттен
---	---	----------------

58. Филиалдың құрылымы, штат кестесі, Даму жоспары, Даму жоспарының орындалуы, қаржылық және салықтық есептіліктері «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің Басқарма Төрағасы - ректорымен бекітіледі.

59. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Филиалға осы Ережеде көзделген тәртібі бойынша ескерілетін оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мүлікті береді.

60. Филиал өзіне бекітілген мүлікті Филиал құру мақсаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында, Өзбекстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде белгіленген шектерде пайдаланады.

61. Филиал қаржы-шаруашылық қызметті дербес жүзеге асырады, шарттар жасасуға, өз міндеттемелерін айқындауга және Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының заңдарына, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Жарғысына, осы Ережеге қайшы келмейтін өзге де талаптарға байланысты мәселелерді шешеді.

62. Филиал өз қызметінің мәні шеңберінде кез келген үшінші тұлғалармен 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспайтын сомаға мәмілелерді жүзеге асыруға құқылы. 5 000 000 (бес миллион) теңгеден астам сомада жасалатын мәмілелер «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-мен келісіледі.

63. Филиал «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің шешімдеріне сәйкес өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алған мүлкі мен құралдарына иелік етуді жүзеге асырады.

64. Филиал мыналарды әзірлеп, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ бекітуге жібереді:

- 1) Филиалдың Даму жоспары;
- 2) Филиалдың Даму жоспарын нақтылау;
- 3) Филиалдың Даму жоспарын орындау.

65. Филиал өз міндеттемелерінің орындалуын Филиалдың Даму жоспарына сәйкес және белгіленген тәртіппен кіріс әкелетін қызмет түрлерінен алынған қаражат шегінде қамтамасыз етеді.

66. Қаражатты жұмсауды Филиал «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Директорлар Кеңесі бекіткен Даму жоспарына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырады.

67. Филиал бухгалтерлік есепті КЕХС, Есеп саясатына, заңдарға және бухгалтерлік есеп саласындағы өзге де құқықтық актілерге сәйкес жүргізеді, Филиалдың тіркелген жері бойынша Өзбекстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен статистикалық, салықтық және бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті ұсынады.

68. Филиал қызметінің қорытындылары Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметінің есептерінде көрсетіледі және «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ жылдық қаржылық есебіне енгізіледі (шоғырландырылады).



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.12 14 беттен
---	---	----------------

69. Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің жыл сайынғы аудитін «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ шоғырландырылған қызметіне аудит жүргізетін аудиторлық компания іске асырады.

70. Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

12 Филиалдың таза табысын бөлу

71. Филиалдың таза табысы «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-ның қарамағына өтеді.

72. Филиалдың таза табысы «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-ның және Филиалдың дамуына, сондай-ақ олардың қызметкерлері мен білім алушылары үшін қажетті жағдайлар жасауға ғана бағытталады.

13 Филиалдың халықаралық байланыстары мен сыртқы экономикалық қызметі

73. Филиал Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының заңнамасына, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Жарғысына сәйкес «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің келісімі бойынша халықаралық байланыстар орнатуға құқылы.

74. Филиал Қазақстан Республикасының заңнамасына және «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Жарғысына қайшы келмейтін «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің келісімі бойынша шетелдік оқу орындарымен, өзге де заңды тұлғалармен бірлескен қызмет туралы шарттар жасасуы мүмкін.

75. Филиал Қазақстан Республикасының заңнамасына және «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Жарғысына сәйкес шетелдік мамандарды даярлауды жүзеге асырады.

76. Филиал «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің келісімі бойынша белгіленген тәртіппен шетелдік мамандарды жұмысқа қабылдай алады, сондай-ақ өз оқытушыларын шетелдік жогары оқу орындарына жұмысқа жібере алады.

77. Филиалдың оқытушылары мен білім алушылары «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің келісімі бойынша халықаралық конференцияларға және ғылыми ынтымақтастықтың өзге де нысандарына қатысу үшін мұдделі тараптар арасындағы тиісті шарттарда көзделген, оның ішінде кіргізілген оқуды іске асыру үшін шетелге бара алады.

78. Филиал «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің келісімі бойынша халықаралық ұйымдардың, қауымдастықтардың, қорлардың жұмысына, сондай-ақ халықаралық ЖОО аралық ынтымақтастыққа қатыса алады.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық каласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.13 14 беттен
---	---	----------------

79. Сыртқы экономикалық қызметтөн түсетін кірістерді осы Ережеде көзделген мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу үшін Филиал пайдаланады.

14 Филиал қызметін тоқтату және тарату

80. Филиалдың қызметі тоқтатылады:

- 1) «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша;
- 2) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) не заңнамалық актілерде тыйым салынған қызметті не заңнаманы бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асыру кезінде;
- 3) «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ таратылған кезде;
- 4) заңнамалық актілерде көзделген өзге де негіздер кезінде жүзеге асырылады.

81. Филиал Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта құрылады және (немесе) таратылады.

82. Филиал таратуды «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ құраган не (занда белгіленген жағдайларда) - құзыретті мемлекеттік орган тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді.

83. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Филиалдың істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

84. Тарату комиссиясы Филиалдың қолма-қол мүлкін бағалайды, оның дебиторлары мен кредиторларын анықтайды, олармен есеп айырысады, Филиалдың үшінші тұлғаларға қарыздарын төлеуге шаралар қабылдайды, сондай-ақ тарату балансын жасайды және оны «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-ға ұсынады.

85. Филиалдың қолда бар ақшалай қаражаты, оның ішінде мүлкін сатудан, таратылған кезде, бюджетпен, кредиторлармен есеп айырысқаннан сон, Филиал қызметкерлерінің еңбегіне ақы төленгеннен кейін бар болған ақшалай қаражат «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ шешіміне сәйкес бөлінеді.

86. Филиал мүлкінің кредиторлармен есеп айырысу үшін жетіспейтін жағдайда «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ олардың занды мүліктік талаптарын қанағаттандыруға міндетті.

87. Филиал қайта құрылған кезде оның қызметі барысында пайда болған барлық құжаттар, оның ішінде жеке құрам бойынша құжаттар құқықтық мирасқорға, ал таратылған кезде - «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ мұрагатына сақтауға беріледі.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Шыршық каласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы туралы Ереже	6.14 14 беттен
---	---	----------------

15 Қорытынды ережелер

88. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ мен Филиал арасындағы барлық қарым-қатынастар осы Ережемен, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-нің ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

89. Осы Ереже «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ Директорлар кеңесімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

90. Филиал туралы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізіледі.